

Индер аудандық мәслихаты шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 342-V шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 16 қыркүйектегі "Индер аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 304-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3323 санымен тіркелген, аудандық "Дендер" газетінде 2015 жылғы 8 қазанда жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXV сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Р. Аяпбергенов
Б. Сапаров*